

Тассай ауыл округіне қарасты Таскен елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге Абылай ханның атын беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігі Тассай ауыл округі әкімінің 2010 жылғы 1 желтоқсандағы N 112 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 30 желтоқсанда N 14-10-157 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Тассай ауыл округіне қарасты Таскен елді мекені тұрғындарының пікірлерін ескере отыра, Тассай ауыл округі әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Тассай ауыл округіне қарасты Таскен ауылындағы атауы жоқ көшеге Абылай х а н н ы ң е с і м і б е р і л с і н .

2. Тассай ауыл округі әкімі аппаратының бас маман - жер инспекторы К.Темирбеков, көшеге қайта атау беруі бойынша жұмыстардың орындалуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл округі әкімінің орынбасары М . Т у л е д и я р о в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін, он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тассай ауыл округі әкімі:

Танагузов Б.Т.